**Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағымемлекетіік коммуналдық кәсіпорнының 2023 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалықанықтама**

**Алаш ауылы 24.07.2023 жыл**

**Кіріспе бөлім:**

**1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» ШЖҚ МКК «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» басшысының2023 жылғы 09 маусымдағы № 196н/қ бұйрығы.

**2. Ішкі талдаудың объектілері және басшылары:**

Басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары –Б.Турлыбеков;

Басшының ана мен бала денсаулығын қорғау ісі жөніндегі орынбасары-Л. Карасаева;

Басшының медицина сапасын бақылау ісі жөніндегі орынбасары-З.Оспанова;

Басшының емхана ісі жөніндегі орынбасары-М.Халимов;

Бас есепші – У.Усманов;

Жоспарлау бөлімінің басшысы-М.Кулахметов;

Мамандар бөлімінің басшысы –С.Жумабай;

Бас медбике- К.Джанабаева;

Заңгер-Д.Умиров.

**4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:**

2023 жылдың 24шілде–28 шілде аралығы.

**5. Ішкі талдау қамтыған кезең:**

2022 және 2023 жылдың 6 айы.

**6. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:**

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

**Ішкі талдау келесідей бағыттар бойынша жүргізілді.**

1) Бөлімнің қызметін реттейтін заңнамалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелер бойынша талдау объектісі қызметіндегі сыбайлас қауіптерін анықтау.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді қарастырады.

1. «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚМКК-ның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау:
2. Персоналды басқару соның ішінде кадрлардың ауысуы:

ТО ДСБ ШЖҚ «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» МКК 1804,5 штаттық бірлік болып бекітілген.Қазіргі таңда 1792 қызметші қызмет атқарады.Нақты айтқанда 306 дәрігер, 1001-орта буын, 267 -кіші буын, 218 басқада жұмыс жасайды.

**Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:**

**Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:**

1)Еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесінде көзделмеген құжаттардың талаптарында көрінетін бұзушылықтар;

2) Мамандар сертификатының болмауы немесе қолданылу мерзімінің аяқталуы;

3) Мамандардың біліктілігін арттырудан өту мерзімдерінің аяқталуы.

**«Мүдделер қақтығысы» бойынша:** Мүдделер қақтығысы түріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын фактілер анықталған жоқ. Осы тәуекелді талдау туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы адамдардан басшының атына хабарлама жоқ екенін көрсетеді. Сондай-ақ, мүдделер қақтығысының пайда болу қаупі жақын туыстардың жұмысы жағдайында болуы мүмкін, бұл жеке мүдделер мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылықтарға әкелуі мүмкін. Талдау көрсеткендей, кәсіпорында басшының жақын туыс қызметкерлері жоқ.

**Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттік төрағасының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмт генерал-майоры Д. Малаховтың 17.08.2023 жылғы №3-3-2/7159-И шығыс хатына сәйкес,басшы орынбасарлары мен бөлім басшыларының функцияналдық міндеттерін сәйкестендіру мақсатында кәсіпорын басшы орынбасарлары Б.Турлыбеков, З.Оспанова, Л.Карасаева, М.Халимовтың лауазымдық міндеттерінде** ұйымдастырушылық-өкімдік функциялары енгізілді,шаруашылық меңгерушісі Н.Рыстаевтың лауазымдық міндеттеріне әкімшілік-шаруашылықфункциялары бар.

**Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер:**
**2022 жылы** 128 адам қабылданған, 106 адам жұмыстан босатылған:
**2023 жылы 6 айында** 55 адам қабылданған, 49 адам жұмыстан босатылған.

Барлық қызметкерлер біліктілік талартарына сай қызмет атқарады. Денсаулық сақтау қызметкерлерін жұмысқа алу *(оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буынды медициналық қызметкерлер)* адал, әділ және ашық негізінде https://www.enbek.kz/ru порталына хабарландыру ілу арқылы жүзеге асырылады:

Жұмысшы топ ТО ДСБ ШЖҚ «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның қызметкерлерінің арасында туыстық немесе басқада қатынастары бар немесе жоғы бойынша талдау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде теріс өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдерін тудыратын бұзушылықтар орын алмаған.

ТО ДСБ ШЖҚ «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның басшы мен орынбасарлары азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күндерінің кестесі бекітілген және сол кестеге сәйкес қабылдау жүргізілуде.

Азаматтарды жұмысқа қабылдау Сайрам аудандық орталық ауруханасы басшысының бұйрығы негізінде құрылған комиссия мүшелерімен жүзеге асырылады. Комиссия мүшелері саны бес адамнан тұрады. Жұмысқа орналасуға үміткер өз біліктілігін комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беру арқылы көрсетеді. Комиссия мүшелері тиісті баға бере отырып тиісті хаттамаға қол қойып бекітеді.

Кәсіпорында шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталған.

Кәсіпорын бойынша;

2023 жылдың ақпан айынан бастап үміткерлерді jumys «SmartNation» порталындағы денсаулық сақтау ұйымының орта медициналық персоналының (мейіргер, фельдшер, акушер, зертханашы) бос орындарға конкурстық іріктеуге қатысып,jumys «SmartNation» порталындағы қадамдардан өтіп, бос және уақытша бос орындарға орналасушылардың жұмысқа сәйкестігін, білім деңгейін және біліктілігін анықтау үшін сұхбаттасу жұмыстары жіргізіліп келген. Алайда, қазіргі таңда ол портал арқылы үміткерлерді қабылдау тоқтатылған. Себебі, порталжүйесі толығымен жұмыс істемеуіне байланысты.

**«Мемлекеттік қызмет көрсету» бойынша:**

**Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері**:
ТО ДСБ ШЖҚ «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның, ҚР ДСМ бұйрықтарына сәйкес мемлекеттік қызметтердің бірнеше түрін (бұдан әрі - мемлекеттік қызметтер) көрсетеді.

Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

1) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер нәтижелерін беру мерзімдерінің созылуы;

2)Тізбеге кірмейтін құжаттаманың талабы;

3)Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы жалған Парақ беру;

4) Еңбекке уақытша жарамсыздығы кезінде пациенттің болу мерзімдерін негізсіз ұзарту;

5) Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтаманы негізсіз беру;

6) Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өткені және жұмысқа және оқуға жіберілгені туралы анықтаманы негізсіз беру;

7)Тізбеге кірмейтін қосымша зерттеп-қараудан өту талабы;

8) "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет шарттарының бұзылуы болып табылады.

Мерзімдерді орындау, мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелері, құжаттарды ресімдеу бойынша ескертулер жоқ. Көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдану бойынша өтініштер болған жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде талап етілетін құжаттардың тәртібі, мерзімдері мен тізбесі сақталады.

**Мемлекеттік сатып-алу қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:** Мемлекеттік сатып алу, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін Заңнаманы бұзу кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

**Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:**

1) Әлеуетті өнім берушілер шеңберін шектеу;

2) Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу және сатып алу үшін бөлінетін ақша қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау қағидаттарын бұзу;

3) Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу шарттарын бұзу;

4)Бәсекелестік қағидаттарын бұзу болып табылады. Мемлекеттік сатып алу заңда көзделген тәсілдермен бекітілген жоспарға сәйкес веб-портал арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде көбінесе баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс, аукцион сияқты бәсекелестік тәсілдер пайдаланылады. "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңына сәйкес жүзеге асыру тәсілін таңдау, ол мемлекеттік сатып алу жоспарында көрсетіледі. Мемлекеттік сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы"ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидатына сәйкес жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 қаулысы,Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығы көзделген қағидаттарды сақтай отырып

жүзеге асырылады. Сатып алу бәсекелестік тәсілдермен: баға ұсыныстарын сұрату, тендер арқылы жүзеге асырылады.

Хабарландырулар аурухананың интернет-ресурсында орналастырылады. Сатып алу қорытындылары бойынша хаттамалар қалыптастырылады, олар да емхананың интернет-ресурсында көрсетілген бөлімде орналастырылады. Мемлекеттік сатып алу бойынша, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін жеткізушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану мәніне, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын өндіріп алу мәніне сотқа уақтылы жүгінуден көрінетін сот практикасы бар.

**Мемлекеттік сатып алу бойынша:**

Кәсіпорынның ЖСШ «International Medical Exchange-Международный Медицинский Обмен»-мен түзген №091040002074/220202/00 2022-09-27 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 900 000 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу заңының 1-тармағының 41-бабын, 39-бабының 3-тармағын *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады)* бұзуда.

Кәсіпорынның АО «Научный центр педиатрии и детской хирургии»-мен түзген №091040002074/220201/00 2022-09-27келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 84 000 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу заңының 1-тармағының 41-бабын, 39-бабының 3-тармағын *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады)* бұзуда.

Кәсіпорынның АО «НИИ КВБ»-мен түзген №091040002074/220200/00 2022-09-21 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 260 000 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу заңының 1-тармағының 41-бабын, 39-бабының 3-тармағын *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады)* бұзуда.

Кәсіпорынның ЖШС «Social-i International Kazakhstan»-мен түзген №091040002074/220195/00 2022-09-21 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 160 000 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу заңының 1-тармағының 41-бабын, 39-бабының 3-тармағын (*көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады*) бұзуда.

**Шешу мәселесі:** Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі

**Азаматтар мен занды тұлғалардың өтініштері саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:**

1)Өтініштерге жауап беру мерзімдерін бұзу;

2)Негізделген жүгіну кезінде басқару шешімдерінің болмауы. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында талданып отырған кезеңде азаматтар мен занды тұлғалардың өтініштерін қарау процесін бұзу фактілері анықталған жоқ. Қызметтік тергеулер толық көлемде жасалынады, өтініштерге уақтылы жауаптар беріледі.

**«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында**Сайрам аудандық орталық ауруханасы бойынша толықтай компьютерлік техникамен қамтылған.

Ордабасы аудандық орталық ауруханаға қарасты медициналық амбулаторияларлен, бекеттерде интернетке кіру мүмкіндіктері **100%** құрайды.

Кәсіпорын бойынша 2 медициналық ақпараттық жүйесі *(ДАМУМЕД, КӨМЕК)*жұмыс жасауда.

Дәрігерлер және орта буынды дәрігерлер медициналық ақпараттық жүйесімен жұмыс істеуге **100%** оқытылған.

Сонымен бірге, МАЖ қолдана отырып, аудан тұрғындары түгелімен электронды паспорты 98 %қамтылған. Дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу, дәрігерді үйге шақыру және медициналық анықтамаларды алу қызметтері электронды түрде атқарылады. Медициналық ұйымдар ішінара қағазсыз құжат айналымына көшірілуде.

Кәсіпорында«Даму» ақпараттық технологиялар орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі базасында қашықтықтан қызмет көрсету PACS жүйесіне қосылу, цифрлық медициналық ақпаратты, бейнелерді өңдеу, сақтау және беру мақсатында PACS жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде.

**Қорытынды:**

«Сайрам аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша ұсынады:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы бойынша құқықтық жаппай оқытуды ұйымдастыру;
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша есептілікті цифрландыруға көшіруге жұмыстар жүргізу;
3. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыс фактілерін жасауға жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізу.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және НҚА қолдану барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған жоқ.

**Жұмыс тобының мүшелері:**

Б.Турлыбеков_______________

Л. Карасаева_______________

З.Оспанова_______________

М.Халимов_______________

У.Усманов_______________

М.Кулахметов _______________

С.Жумабай_______________

К.Джанабаева_______________

Д.Умиров_______________